



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Қоғам мәдениетінің өзгеруі мен
дамуының тілдегі көрінісін тіркеу,
жадылау мәселесі





Дәрістің мақсаты: оқырман Қазақстан қоғамы мәдениетінің өзгеруі мен дамуының тілдегі көрінісін тіркеген, жадылаған А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұжымының 2006–2011 жылдары шығарған «Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігі» мазмұнымен танысады. Мәтін Сөздіктің бас редакторы профессор Н. Уәлидің аталған еңбектің 15 томындағы «Соңғы сөз» мақаласы негізінде жасалды.

Негізгі идеялар: қоғамдағы небір өзгерістер қоғамдық санадағы таным-білімдер түрінде тілде «тіркеліп» жатады. Міне, тілдегі үздіксіз болып жатқан бұл үрдісті оның тіркеу қажеттігі шығады. Семантикалық өзгерістер, мағыналық «жылжулар», көнеру мен жаңғыру тәрізді тілдегі әр алуан «жаңалықтар», түптеп келгенде, тілдік ұжымның қоғамдық санасында болып жатқан құбылыстардың тілдегі көрінісі болып саналады. Осыларды дәл танып, Сөздікте айқындап беру бүгінгі тілшілердің парызы болды. Қазақ әдеби тілі сөздігінің қандай ерекшеліктері болды?

Дәрістің басты терминдері: сөздіктің дәйектемелік корпусы, сөзтізбе, лұғаттық мақала, нормативтік белгі.

- Сөздіктің дәйектемелік корпусы – сөздіктегі мақалалардың дереккөзі болып табылатын дәйектемелер қоры;
- Сөзтізбе – сөздік реестрі, барлық сөздердің әліпбилік жиынтығы;
- Лұғаттық мақала – сөздіктегі ұғымдар мен атауларды түсіндіретін концептуалды ақпарат;
- Нормативтік белгі – сөздіктегі сөздердің қай стилге жататынын білдіретін белгі.

1. Сөзтізбенің базалық корпусы

Сөзтізбе құрамына алынған сөздерді жалпылама қолданыстағы сөздер және қолданыс аясы шектеулі сөздер деп, шартты түрде үлкен екі топқа бөлуге болады. Жұртшылықтың бәріне ортақ жалпылама қолданыстағы зат, құбылыс, уақиға атаулары, адамның әр алуан сезім күйлерін бейнелейтін сөздер, субъективті мәнді бағалауыштар тәрізді әдеби тіл аясындағы лексика-фразеологиялық бірліктер сөзтізбеде барынша дерлік қамтылған. Осындай лексикографиялық саралаудың нәтижесінде 92200-ден астам атау сөзден, 57800-ге жуық тұрақты тіркестен тұратын сөзтізбенің базалық корпусы жасалды.

2. Лұғаттық мақалаларда түсіндірілетін сөздердің анықтамасы

Лұғаттық мақалада түсіндірілетін сөздерге 140 түрлі анықтамалық белгі берілді. Ақпараттық мазмұны мен қызметіне қарай оларды грамматикалық, стилистикалық, этимологиялық және танымдық деп төрт салаға топтастыруға болады. Сөз саралау барысында сөздікте 20 мыңға жуық әртүрлі типтегі анықтама (белгі) берілді деп қорытады Н. Уәли.

3. Сөз мағынасының түсіндірмесі

Сөз мағынасының түсіндірмесі сөздік мақаланың ең түйінді, әрі аса күрделі бөлігі болып табылады. Сөздікшілер сөз мағыналарын негізінен сипаттама жолмен, сондай-ақ синонимдер арқылы ашутәсілін қолданды. Лексика-фразеологиялық бірліктердің мағынасын нақтылауыш, даралауыш, жинақтауыш деп аталатын құрылымдық компоненттері арқылы ашу негізгі ұстаным болды. Негізгі мағына мен ауыспалы мағыналарды айқындауда екі түрлі мағыналық типке ортақ семалық компоненттердің (мағыналық элементтердің) болуы ескерілді. Ондай «ортақ элемент» болмаған жағдайда мұндай лексикалық бірліктер омоним ретінде танылып, жеке сөзтізбелік бірлік ретінде берілді. Сөздікшілер, әдеттегідей, сөздік



мақалада алдымен сөздің негізгі мағынасын, екінші, үшінші кезекте ауыспалы мағыналарын беріп отырды. Сөздікте жеке сөздер мен сөз тіркестері мағыналарын лексикографиялық саралаудың барысында 166 мыңнан астам мағына айқындалып, тіркелгенін айтады ғалым.

Сөзтізбелік бірліктерді саралау, талдау барысында Сөздікте 250 мыңға жуық дәйексөзден (цитатадан) тұратын дәйектемелік корпус жасалды.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігінің 2007–2011 жылдары шыққан кез келген томын алып, ішінен өзіңіз білмейтін 3 тұрақты тіркесті, 3 көне сөзді алып, мағынасын мақаладағы мәтіндер арқылы түсінуге және кейін осы сөздерді сөзіңізде қолдануға тырысыңыз.

2. Сөздіктің сіздің сөз қорыңыз бен сөз байлығыңызды дамытуға қандай септігін тигізуі мүмкін екенін ойланып көріңіз.

3. Сөздіктегі кез келген көп мағыналы сөзді алып, мағына реңктеріне назар аударыңыз, ұлттық мағынасына көңіл бөліңіз, байқағаныңызды жолдасыңызбен талдаңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігінің 15 томы қандай іспен шұғылданатын мекеме ұжымымен шығарылды?

2. Сөздікте қанша сөздер мен сөз тіркестері бар?

3. Сөздікте қанша сөз мағыналары ашылған?

4. Қанша дәйексөзден тұратын дәйектемелік корпус пайдаланылды?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – А., 2007–2011. 15 том.

2. Қайдар Ә., Қазақтар ана тілі әлемінде. I том. – А: Дайк-Пресс, 2009. – 784б.

3. Ахметжанова З., Лингвокультурология: теория и практика. – А: Елтаным, 2017. – 144 б.

4. Тіл, мәдениет, Коммуникация-1. – А: Елтаным, 2013. – 264 б.